

8. Слышкин Г. Г., Ефремова М. А. Кинотекст (опыт лингвокультурологического анализа). Москва: Водолей Publishers, 2004. 153 с.
9. Зарецкая А.Н. Особенности реализации подтекста в кинодискурсе: монография. – Челябинск: Абрис, 2012. – 191 с.
10. Сургай Ю. В. Интердискурсивность кинотекста в кросскультурном аспекте: дисс. ... к. филол. н. Тверь, 2008. 178 с.
11. Самкова М.А. Кинотекст и кинодискурс: к проблеме разграничения понятий // Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2011. № 1 (8). С. 135-137.
12. Конечкая В. П. Социология коммуникаций: учебник. Москва: Международный университет бизнеса и управления, 1997. 304 с.
13. Духовная Т.В. Структурные составляющие кинодискурса. Филологические науки. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2015. № 1 (43): в 2-х ч. Ч. I. С. 64-66.

ТІЛДІК ОРТА ЖАСАУДА ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ КӨРКЕМДІЛІГІ

Аубакирова Ботагөз Кәрібайқызы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

Аннотация

Мақалада шешендік өнердің тілге оралымдылығы, байламы; дер кезінде дәл мағынасын дөп басар бейнелілігі; мәнді, ойлы сөздердің мәйекті мақал мен мәтелге айналуы; дау-дамайда қазылық, мәмілегерлік; ара қатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік; ұрпаққа, қалың қауымға өсиет, ал шешен – тілге жүйрік, сөз қисынын тауып айтатын халық қалаған сөз шеберлері және осы өнердің тілдік орта жасаудағы көркемділігі туралы баяндалады.

Аннотация

В статье рассматривается язык ораторского искусства; образы, своевременно передающие точное значение; превращение значимых, продуманных слов в пословицы и поговорки; арбитраж в спорах, примирение; посольство в отношениях, миротворчество на войне; Это свидетельство для поколения, для широкой публики, а оратор – мастер языка, мастер искусства создания языковой среды.

Abstract

The article deals with the language of oratory; images that convey the exact meaning in a timely manner; the transformation of meaningful, thoughtful words into proverbs and sayings; arbitration in disputes, conciliation; embassy in relationships, peacekeeping in war; This is a testimony for a generation, for the general public, and the speaker is a master of language, a master of the art of creating a language environment.

Шешендік өнер – ежелгі Грекия мен Римзаманынан бермен көптеген халықтардың мәдени, рухани, өміртіршілігіндегі өнердің бір түрі. Грек шешендік өнерінің игі әсері арқасында көне Римде де бұл өнер дами бастады, үлкен күшке ие болды. Цицеронның мәлімдеуінше, Римде сөз құдіретіне ие болған адамға тәңіріндей табынған. Олар "адамды даңққа бөлейтін екі қасиетті өнер бар: бірі – қолбасылық, екіншісі- шешендік" депбілген [1,205], яғни бұл елдерде шешендік өнерді "риторика" деген ат пен жеке пән ретінде оқыған. "Риторика" ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. Көне Рим шешендік өнердің үш аршыңы деп Цицеронды таниды, яғни Марк Тулий Цицерон – шешендік өнердің көне римдік теоретигі. Ол өзінің шешендік өнер-қакындағы ұлы ойларын "Шешендік өнердің үш трактаты" еңбегінде зерлеп қалдырды.

Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасыр Риммен Грек елдерінде эллиндік дәуір деп аталып, әдеби-мәдени құндылықтардың алмасуы мен сипатталады. Бұл сипат шешендік өнерге де тікелей қатысты. Бай ырғысалалары: бейнелі сөз, шешендіксын, шешенді көсиет, шешендік нақыл, шешендікдау, шешендік толғау. Әрқайсының әсерлі өңі, сұлулығы, татымдығы, дуалылығы, зерделігі адам ой жүйесіне, жан-дүниесіне, сезімінемықты қозғау салады, жүректе бірентеді. Тыңдаушының еркі мен сезімін билейді, толған-

дырады. Шешендік сөздер ағып тұрған поэзия. Ақ өлең мен өрілген сөз тұнығы: сырлы теңеу, астарлысын, жинақыой, жұмбақтымензеу, қисындытолғам. Бәрітілқ үдіретінің, пікір түйінділігінің, таң ғажайып ой толғағының әмбебап туындысы. Өмір құбылыстарына байламды шешендік сөздер орны-орнын ақ ойылса шебершендестіріледі. Сырланып, әрленіп, татымын әрленсеойды шалқытып, сезімді тербеп адам көңілін ұйытады. Сұлу, өрнекті әр шешендік сөздің өзіне тәнтерең мағыналы және астарлы жүктемесі бар. Жүйелі, байыпты айтылса досқапір, дұшпанғазіл, шаткөңілге шабыт, қамкөңілге демеу, батырға айбынды ұран болар әрі тәтті, әріқатты, әрі майда, әрі өткіралмастіл.

Шешендік – ұшқыройдың қасқағымда тілге оралымдылығы, байламы; деркезінде дәл мағынасын дөп басар бейнелілігі; мәнді, ойлы сөздердің мәйекті мақал мен мәтелге айналуы; дау-дамайда қазылық, мәмілегерлік; ара қатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік; ұрпаққа, қалың қауымға өсиет, ал шешен – тілге жүйрік, сөз қисынын тауып айтатын халыққалаған сөз шебері. Ел-жұртты елеген, халқықалаған азаматтарды ардақтаудың ана тілімізде атауларымен дәріптеу, бейнелеу сөздерін айтып тауысу қиын. Оны қазақтеңепте, бейнелепте, асқақтатыпта айта білген. Ел намысын қорғаған ерлерді "нар", "арыстан", "ерім", "азаматым" деген сияқты теңеулермен мадақтап, ардақтау мен бірге әділді "қарақылдық ақжарған"; шешенді "ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен"; шеберді "темірден түйін түйген"; жомартты "атын түсіп беретін мырза"; адалды "сүттенек, судантаза"; сұлуды "айменкүңдей"; әдептіні "қызмінездіжігіт"; бәйбішені "бес биенің сабасындай"; баланы "тойғанқозыдай"; бойжеткенді "оймақауыз, күлімкөз", депдәріптеген.

Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беруі керек: 1. Белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыптық озғайтын және шаршы топ алдында ауызша айтылған сөз болу. 2. Өңгіме өзегінің дәлелі (аргумент) болуға тиіс, соның арқасында тыңдаушыларға бірнәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында белгілі бір харекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет. 3. Тыңдаушыларға жақсы әсеретіп, құлақ құрышыңқандыратын, сүйсінді ретін эстетикалық қасиеті болуы игі.

Халқымыздыңдан алығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқыби мен Аязбилерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиреншешешен, Асанқайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты калыптасып, өркендей түсті. Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді. Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлықпен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстармен мақал-мәтелдердің орны ерекше. Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқалары нақ адемик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: "Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпін мен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таңқаласын", – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығымен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған. Қазақ елі ежелден төрт құбыласытең іргелі ел, ірі ұлыс болғаны белгілі. Осы көшпенділер өркениетін орнатуға зор ықпалын тигізіп, ұрпақтарына үлгі боларлық рухани, мәдени асыл мұраны сақтап жалғастырған дала қайраткерлері – ой ғаұшқыр, тілге шешен би-шешендері болған. Елтұрмысын, салт-дәстүрін, дүниетанымын жетік біліп, билер, бабалар сөзін жадында сақтап, осы қасиеттері мен ел көңілінен шыға білгендер ғана би атанған. Би-

шешендер туралы ғалым Серік Негімұлы: «Негізінде, шешен-билер мемлекет тағдырын шешетін шынайы тұлғалар. Мемлекеттің көсегесінің көгеруі, дамуы, нығаюы нағыз шешен-билердің тегеурінді өнерімен, өнегесімен, қызметімен тамырлас. Ол – тәртіптің тұтқасын ұстаушы, ұлттың салт-дәстүрін, рухани болмысының қасиеттерін, ерекшеліктерін бойына дарытқан тек тітұлға, ереже-қағидаларына жүйрік әрі жетілдіруші дархандарын, әлеуметті ілгері сүйреген, қызғыштай қорғайтын, жақсылық қауңдейтін үлгілі ұйымдастырушы» – деген. [1. 465 б.]

Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысындау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын кеңес кезінде, оңаша ой толғауна сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген. Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігі мен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігі менде ерекшеленеді. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады. Халық мақалдарында: "Таякеттен өтеді, сөз сүйектен өтеді", "Бас кеспек болсада, тілкеспек жоқ", "Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді", "Аталы сөзге арыс ғана тоқтамайды", – деп сөзді айтушығада, оған құлақ қою шығада биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз [2]. Ол тындаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген. Сөз туралы Бөлтірік шешен: "Сөзден тәттің әрсе жоқ.. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билет пе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қоретпе, ақылдыға айт, кімге, қай-жерде, қай кезде, қалай сөйлейтінін біл", – деп толғайды. Бұлар – "Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі". Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға елісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқаржырау: ...Көшбастау қиын емес – Қонатын жердесу бар. Қолбастау қиыне мес – Шабатын жердежау бар. Шаршы топта сөзбастау қиын – Шешімін таппасдау бар, – деп дұрыс аңғартады [3].

Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы: "Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлідертін жазатын жақсы дәрі еді", – деді. Демек бұл қастерлі мұра – шешендікпен айтылған билер сөзі ұмытылмайды, қай кезде болса да халық жадында деген. Мыңдаған, жүздеген жылдар өтседе, Бәйдібек, Қазыбек, Байдалы билердің, Домала қана, Гауһар, Ақбикеш, Айбике аналардың, Қабанбай, Бөгенбай, Ағынбай батырлардың есімін жұрт әлі де мақтанышпен айтып отырады. Шаршы топта сөз бастау қиын: Тауып айтсаң, мереке қылады, Таппай айтсаң, келе кеқылады десе, шешені судай төгілген халықпыз. Түгел сөздің түбін түсірген, аталыда, баталы да сөз қалдырған түпатамыз Майқыбидің ұрпағымыз. «Сылдырап өңкей келісім» деп Абай айтпақшы, өлең сөзгедес бермеген, ауылдың алты ауызына ңыратып, ердің құнынекі-ақ ауыз сөзбен бітіретін данышпан халықтың перзентіміз. Ата-бабамыз жаудан қаймықпаған, сөзден тосылмаған. Ерттеулі атынамін ес алажауғашапқан, шынайы шешендік өнерге ма шықтанғандар. Біз – шешендік өнерді сүйетінде, оны бағалай білетінде халықпыз. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демей ме дана халқымыз?! Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешіп бере алатын қайран қазақ халқы! Шешендік өнерді ең асыл өнер деп бағалаймыз біз өзіміз. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығарған халқымның өресі биік, өрісікең, шығара суы жоғары десек, нағыз бағасын бергеніміз ғой. Иә, көпті көрген, көп жасаған қазақ қариялары оқы масада көкейге тоқығандарын, жастарға үйретуден жалықпаған [4]. Талапты жастар үлкендерден, қариялардан өнер-білім үйренуді өздеріне міндет, мұрат тұтқан, жақсының атын ерттеп, қасына ерген. Олардан үлгі-өнеге алуды ар-намыс сана маған. Үлгілі, аталы сөз кемең героймен шебер тілден ғана тумаса керек-ті. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шешен сөзіне жан-жақты сипаттама беріп, оларды бес түрге бөліп саралаған. Олар: Біріншісі, *саясат шешендік сөзі* – шешендердің жиналған қауымды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне

қарар шығару мақсаты мен айтылған сөз. Екіншісі, *билік шешен сөздері* – шешендердің сотта айыпкер адамдарды ақтау, иәқаралау мақсатымен сөйлегенде сот билігіне әсерету үшін айтқан сөздер. Үшіншісі, *қошемет шешен сөзі* – біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі. Төртіншісі, *білім іршешен сөзі* – білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері. Бесіншісі, *уағыз* – дін жайынан сөйлеген ғұламалар, молдалар сөзі [6]. Осыби-шешендер сөздеріне лаузынан жинап, тіл қадірім ен сөз қадірін жете түсінген, оларды жеке мұрасына сақтап бізге жеткізгендердің бірі – белгілі фольклорист, ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы «Қазыбектің екінші билігі» деп аталатын шешендік сөзінде Сібір бойына келе бастаған орыс шаруаларын жақ тыртпай соғыс ашпақшы болған қазақтар бір шешімге келе алмаған соң үш жүздің билерін шақыртқан екен. Осы мәселе жөнінде билер оңаша шығып, жұмбақтап сөйлейді. Ұлы жүзден Төле би, – *Алармаед мына көлдің қуынамын*. Мұндағы *көл* – Сібір бойының жері болса, *қуы* – келе бастаған орыс шаруалары, яғни *қуынамын алу* – қоныстанған шаруаларды қуып жіберу, немесе соғысу. Кіші жүзден Мамаби, – *Тигізе алмай жүрме сексуына атын*, – деп, бұл соғыстың нәтижелі болатындығына сенім сіздік білдіргенін көреміз. Яғни, *оғықуына тимей, суына тиіп* – күшіміз заякетер деп күдіктенеді. Орта жүздің Қазбегі, – *Арылмастай пәлеге қап жүрмесек, суда жүрген перінің қызынамын*, – дегендегі *пері* – ақпатша болса, *қызы* – сол патшаның адамдары. *Арылмас тайпәлеге қап жүрмесек* деп, бұларды шауыпалған жағдайда орыс патшалығы соғыс ашып қазақ елі үлкен пәлеге ұшыр айтынын болжап тұр. Қазыбек бидің бұл сөзіне Төлеби, – Қазыбек, сенсоғыспауға байладың-ау! – депті. Сонда Қазыбек, – *Біз орыспен қалай соғысамыз? Пайғамбарымыздыңа ділшілік орыста қалады, дегені бар емес пе? «Жер астынан жік шығып, екі құлағыткішыға қалса», қолының ұшын беретін көршіміз орыс болса, жаманболмас!* – деп ойлаймын, – деп соғыстың басталуына тоқтау салғанын көреміз. Демек, мұндағы Қазыбек бидің сөзі екі ел арасындағы соғы сотын өршітпей саясат мәселесін шешуге ықпал етті.

Ал «Қазыбектің үшінші билігінде» Ұлы жүзбен Кіші жүз арасындағы даулы мәселеге билі қайтуға Ұлы жүздің төбе биі Төле би мен Кіші жүздің биі Маматаласады, сондаҚазыбек би «Ұлы жүздіқауға берде, малғақой. Кіші жүздің айзаберде, жауғақой. Ортажүздіқамшыберде, дауғақой» – деген аталарының өсиетін білмейтіндігін беттеріне басып, төреберу жолы өзінікі екендігін айтады. Бұл сөзді үш жүздің адамдары бір ауыздан қабылдапты. Сонда Қазыбек би, – Уа, Үйсін: Төлеби, сенатадан үлкен болып тудың. Ініңнің бірер келігін көтеретін жөнің бар. Оны ойламай, жылқысын неге қуыпаласың? Уа, жарқыным Мамаби, сенатаның қарашаңырағында қалған екенсің, ағаңның көзінің тірісінде жеңгендінеге зорлықпен әкетесің? «Даугердің адалы құстай ұшатында, арамы мұрттай ұшатын.» Сен, Мамаби, қатыныңдықайтар, сен Төле би, жылқынықайтар. Екі жағында иесіне табыс болмаған, екі аяқты түгіл, төрт аяқты қалмасын! – деп, билік айтыпты. Бұл жердегі Қазыбек бидің сөзін билік шешен сөздерге жатқызамыз. Қазыбек би ата-бабасалтын, өсиетін жетік білетіндігін дәлелдеп, төрелі қайтуға, даулы мәселелерді шешуге Орта жүз билерін қою керек тігін бабалары өсиет қыпкеткенін атайды.

Мәшһүр-Жүсіп Көпей ұлы жазбаларындағы «Қазыбектің төртінші билігі» мен «Қазыбектің бесінші төрелігі» деген сөздеріде – *билік шешендік сөз*. Ал осындағы «Қазыбектің «Тәңірі алдына барғанда» сөзінің әсері» деген сөзіну *ағыз* шешендік сөзбен қоса *билік шешендік сөзге* де жатқызамыз, себебімұнда Қазыбек би алдымен билікке қатысты сөйлеп, соңында уағызбен аяқтайды [5].

Би-шешендер сөздерінің үлгілері бүгінгі күніде өзектілігін жоймаған тіл мәдениетінің биікшыңы болып табылады. Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқырда ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзімізде, өзгелерде таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері – атадан мирас болып, алтын баулы

желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалғанін жумар жандайғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұп талып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерін де ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімі наралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды еректе, келенді жерінде жаңартып кәдеге жаратады [6].

Қазақтың шешендік өнерінің піспегі – шешен билерде, күбісі – халық. Елесінде жүрген шешендік нұсқалардың туындыгері – шешен-би. Халық заманы озған сайын сөз үлгілерін талқыға салып, қырлап, өңдеп, құлпыртып әкеліп, кейдетіптисан-саққа жүгіртіп әркімдердің атынанайтады. Осындай әдеби-халықтық, фольклорлық сұрып таулардан кейінгі біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздершы мырқанған қымыздай жұтылған, тандай татарлық дүниелер болып келеді. Би-шешендер – шешендік өнердің негізгі доминанты, яғни қозғаушы күші [7].

Шешендік сөз – адамзат тарихындағы рухани материалдық мәдениеттің дамуының негізгі құралдарының бірі. Шешендік сөз – сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнердің саласы. Шешендік өнер – адамзат өркениеті тудырған рухани-мәдени құндылықтардың бірегейі. Сондықтан шешендік өнермен оның тарихы-адамзат мәдениеті тарихының сабақтас бір бөлігі, тілдікорта, тілдік дағды қалыптастыруда негізгі доминант.

Әдебиеттер тізімі:

1. Негимов С. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 2000. – 465 б.
2. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: Білім, 2003. – 256 б.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6 том. Павлодар: «Эко», 2005. – 113-119 б.
4. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. Алматы «Ана тілі» баспасы, 1992. Б. 444.
5. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997.
6. Қалимұқашева Б.Д. Шешендік өнерге баулудың дидактикалық принциптері. Бастауыш мектеп. – Алматы: Мектеп, 1999. – № 10. – Б. 10-12.
7. Шешендік шиырлары – Алматы: Қайнар, 1993.

ФОРМИРОВАНИЕ НРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА ЧЕРЕЗ ИНТЕГРАЦИЮ САМОПОЗНАНИЯ НА УРОКАХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

Аханова Алия Мурзалеевна,
преподаватель специальных дисциплин,
КГКП «Костанайский индустриально-педагогический колледж», г.Костанай

Аннотация

Өзектілігі. Мақалада арнайы пәндер сабақтарында Рухани-адамгершілік құндылықтардың интеграциясын енгізудің тиімділігі қарастырылады.

Мақсаты. Оқу үдерісіне өзін-өзі тануды интеграциялаудың маңыздылығы мен қажеттілігін көрсетіңіз

Түйінды сөздер: кіріктірілген сабақ, танымдық іс-әрекет, дәстүрлі емес форма, кәсіби құзыреттілік.

Аннотация

Актуальность. В статье рассматривается эффективность внедрения интеграции духовно-нравственных ценностей на уроках специальных дисциплин.

Цель. Показать важность и необходимость интеграции самопознания в учебно-воспитательный процесс.

Ключевые слова: интегрированный урок, познавательная деятельность, нетрадиционная форма, профессиональная компетентность.